

«Наурыз-Бану» бөбекжайы жеке мекемесі

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:

Тақырыбы: *“Рухани жаңғыру біздің балабақшада”*



**«Балдәурен» ортаңғы тобы тәрбиешісі:
Д.Абдуллаева**

Манкент

«Рухани жаңғыру біздің балабақшада»

Білім беру саласы: «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»

Бөлімі: Көркем әдебиет, Математика негіздері, Сурет салу, Құрастыру

Тақырыбы: «Рухани жаңғыру біздің балабақшада»

Мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Балалардың бойында ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана сезімді ояту, туған жеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Ұлттық құндылықтарды бағалауды үйрету.

Ұйымдастырылған оқу қызметі түрі: Кіріктірілген

Әдіс-тәсілдері: сұрақ – жауап, диалог құрастыру, ойын, түсіндіру, қайталау.

Көрнекі-құралдар: асық, фетрадан жасалған қималардан құралған қыран құс, сақина, ұлттық киімдер үлгілері, сандық суреті

Билингвальді компонент: ою-орнамент

Шаттық шеңбері:

Армысың, қайырымды Аспан ата,

Армысың, мейірімді Жер ана,

Армысың, Шұғылалы алтын күн,

Күліп шықты күн бүгін.

Қайырлы таң,

Қайырлы күн

Қуанатын күн бүгін.

Сәлеметсіздерме, Здрастуйте, Hello

Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.

Тәрбиеші: Балалар біз қайсы Республикада тұрамыз?

Біздің ұлтымыз кім? Біз қандай қалада тұрамыз?

(Балалардың жауаптары)

Ғажайып сәт: Қыран құстың қиқулаған дыбысы шығады.

Тәрбиеші: Балалар ненің дыбысын есітіп тұрмыз. (Балалардың жауабы)

Экраннан қыран құстың ұшып келе жатқан бейнесін көрсету. Қыран құстың рухани жаңғырудың эмблемасы. Рухани жаңғыру – Болашаққа бастар жол. Рухани жаңғыру туралы не ойлаймыз? (балалар пікірлері)

Қыран құс бізге де ұшып келіпті. Қыран құсымыздың аспанымызды қалықтап ұшуына біз көмектесемізбе? Олай болса қыран құстың тапсырмаларын орындайық.

1 – тапсырма: (Сырғымақты ашып) «Қуыршаққа жыл мезгіліне сәйкес ұлттық киім киіндіру»

Мақсаты: «Ұлттық киімдер», «Ұлттық бас киімдер». Жасалған қуыршақтарға дайындалған киімдерді (ұл және қыз) ұлттық киімдерді жыл мезгіліне сай ажыратып киіндіру және шешіндіру.

Балалар ұлттық киімдердің атауларын атайды, қандай жыл мезгіліне сай киінгенін атап айтып береді.

2 – тапсырма: «Құрақ көрпеше» құрастыру

Шарты: Өртүрлі пішіндерден қиылған қималар арқылы құрақ көрпеше құрастыру. Геометриялық пішіндердің аттарын, түстерін атау. Балалар фетрден жасалған құрақ көрпешені топпен бірлесе отырып құрайды және қандай геометриялық пішіннен құрағанын, сол пішіннің түсін ажыратып айтады.

Ұлттық құндылығымызды жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша сәнді де, сапалы шыққан құрақ көрпешемізді ЭКСПО көрмесіне апаруды ұсынамын.

3-тапсырма: Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Балалар өздері білетін ұлттық ойындардың атауларын атайды. Балалармен ұлттық ойын ойнау.

Ұлттық ойын: «Сақина жасыру»

Шарты: Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен -«Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. Балалар қызығушылықпен ойнайды.

Сергіту сәті: «Мен «Мен қазақпын» (музыкамен) Балалар ырғақпен қимыл жасайды.

4– тапсырма Ұлттық бұйым «Сандықты әшекеймейміз»

Сандықты трафаретпен әшекейлеу әдісі түсіндіріледі

Сандықтың бетіне ұлттық ою-өрнек әшекейлерін трафаретпен бастыру әдіс-тәсілдерін меңгере отырып жұмыс жасау арқылы және губканы пайдалана отырып әшекейлеу. Балалар тапсырманы мұқият тыңдап, әдіст түсініп орындайды. Балалар Ұлттық құндылығымыз жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша сәнді де, сапалы шыққан сандығымызды көрмеге қоямыз.

Қорытынды:

- Балалар бүгін ашық оқу қызметі сендерге несімен қызық болды?

(Балалардың жауабы.)

Біз бүгін ұлттық тәрбиемізге тамшыдай болса да өз ықпалымызды тигіздік деп ойлаймыз.

- Жарайсындар балалар.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? (Балалардың жауабы)

Балалар бүгін біз не жасадық, не көрдік? (Балалардың жауабы)

Күтілетін нәтиже:

- Мектепке дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ әдебиетінің, салт – дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындар негізінде қалыптастыру

- Балалар көкірегінде қазақ елінің азаматымын, қазақпын деген патриоттық сезімдері ұялату





